

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 177 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қаңтарда № 7217 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 180 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округі әкімінің 29.04.2020 № 180 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 21 ұсынысына сәйкес Бесарық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылдық округі, Бесарық ауылының Ж. Қыдыров көшесінде құтырық ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

Ә. Абдуллаев